Іскерлік оқу ойындарға келсек, мысалы, сабақ тақырыбы бойынша жазылған сценарийлерге қысқа жағдаяттар ойнау. Ал саяхат ойындарында оқушылар күнделік жүргізеді немесе достары мен туыстарына хат жазады, фотосуреттерді баяндау (отбасы мүшелерін, достарын, өз үйінді, бөлменді), сұхбат алу (мерекелер тақырыбы бойынша), шындық детекторы (дұрыс, қате), т.б. Өндірістік ойындарда әлеуметтік және экономикалық маңызы бар күрделі мәселелерді шешуге болады. Мысалы, «Қоршаған орта немесе қоқысты қайта жіберуге болады.» деген тақырыптарда.

Мектептегі шетел тілін оқыту әдістемесі бойынша ойындарды екі түрге бөлуге болады. Олар: дайындық ойындары және шығармашылық ойындары. Дайындық ойындарына грамматикалық, лексикалық, фонетикалық және орфографикалық ойындар жатады. Грамматикалық құрылымдарды есте сақтау қиындау және оқушыны жалықтырып жібереді. Сол себептен ойын бұл тапсырманы жеңілдетеді. Мысалы, затты тығып қойып, ағылшын тілінде «Менің көзілдірігім қайда?» немесе «Мынау не?» деп сұрақ қою. Сөз орын да есте сақтау оңай емес болғандықтан, ойын ойнатқан жөн деп есептеймін. Мысалы, «Домино», «Бинго» ойындары, қызықты геометриялық фигураларды сызып, оның әр бұрышына сандарды немесе әріптерді эстетикаға сай, ретсіз жазып қойып, атап беру. Фонетикалық ойындар сөзді дұрыс айтуға арналған. Ал орфографикалық ойындардың мақсаты сөзді қатесіз жазу.

Әдеттегідей ойынға оқушылар 2-3 топқа бөлінеді. Бұл ойындарға дайындықтың қажеті жоқ, тек қана оқушыларды ойынның шарттарымен таныстырамын. Бұл ойындарды шығармашылық ойындардың қатарына қосуға болады. Сонымен қатар әртүрі викториналар, жағдаяттар, берейін ринг, рөл ойындарын, мысалы, «Жұлдызды сәт», «Таңғажайып алаңында», «XXI ғасыр көшбасшысы» ойындарын өткіземін. Ойындардың бәрі дамыту ойындарына

жатады.

Ең бастысы, белгілі бір нәтижеге жету үшін сабаққа үздіксіз дайындаламын, көп ізденемін, тиімді жолдарын тауып, оқушыларға дәріс беруге ынталамын.

Мектептерде ағылшын тілін оқытудың негізгі элементтерінің бірі — сөздік жұмысын жүргізу. Ол оқушылардың сөздік қорын байытуда ерекше орын алады. Оқушының сөздік қорын тексеру әдістері бар. Олар мыналар.

1. Әңгімелесу, әңгіме құрату — өзін қоршаған орта туралы: үй іші, мектебі, сыныбы, ата-анасы, оқу-құралдары, т.б.

2. Оқушының күнделікті жиі пайдаланатын заттарын көрсету арқылы оны атату (киім-кешек, ыдыс-аяқ, үй жиһаздары т.б.).

3. Сөзді түсініп айту дәрежесін тексеру (таныс емес заттарды көрсету, т.б.).

Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты қағидасы — оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, сөйлеу тілінде оларды бекітіп, сөйлеуде белсенді түрде қолдана білуге үйрету негізінде қалыптастыруды жүзеге асырамын.

Сөздік жұмысын ұйымдастырудың қағидаларын біліп алу қажет. Олар игерілуге, білуге қажетті сөздер, жиілік, ахуалдың — тақырыптық негізінде сөз ірітіледі. Ағылшын тіліндегі сөздер тек лексикалық түрінде ғана оқушыға меңгеріп қоймай, ол лексика-грамматикалық бірлікте іске асырылу қажет. Мысалы, «оқушы, оқы, кітап» деген сөздерді жеке бермей, оны сөз тіркесімен берген жөн. Бұл сөздік жүргізудің бір қағидасы болып саналады.

«Ұстаз жан-жақты ізденісті қажет етеді». Нашар ұстаз шындықты қайталайды, жақсы ұстаз сол шындықты іздеп табуға үйретеді» деп ұлы ойшыл А. Дистерверг айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты. Өз білімімді үздіксіз көтеріп, үнемі ізденіс үстінде боламын деген үміттемін

D00030 30.10.2020

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ РӨЛІ

НУРГАЛИЕВА ШЫРАЙЛЫМ КАНАЛОВНА

*Талдықорған қаласы.Талдықорған индустрия және өнеркәсіп
технологиялар колледжі. Ағылшын тілінен мұғалім*

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші — адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасалуы тиіс. «Білім саласындағы жаңа коммуникациялық технологиялар» түсінігі компьютерлік техника және электрондық анықтамалық жүйелері мен адамның әрдайым жаңа оқыту әдістерін ізденуінен пайда болады. Оны оқыту әдіс-тәсілі уақыт талабына сай өзгеруде. Қазіргі уақытта дидактикада инновациялық оқыту кеңінен қолданылуда. Инновация – бұл жаңалықтардың таралуы және құрылуы. Қазіргі педагогиканың негізгі тенденциясы оқытуды өнеркәсіптік-технологиялық процесске айналдыру үшін дидактикалық жолын және құралын табу болды.

Бұл ізденіс «педагогикалық технология» деген ұғымға әкелді. ХХІ ғасырда ақпарат жүйелерінің өркендеп, ғарыштап дамып келе жатқанын білеміз, өнеркәсіп пен ортаның дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстар табылады. Сауатты өмір – дамудың жаңа фазасына енеді, бұл жаңа сауатты оқыту технологиясын құруға біртіндеп көшуді талап етеді. Оқытудың жаңа технологиясына көшу ұзақ уақыт алады. Компьютерлік технология білім ортасына ене отырып, оқыту процесін жақсарту үшін құралдар мен әдістерді қолдануға әкеп соқтырады. Негізгі базалық білім беру аймағында қызмет көрсету жағынан да қашықтан оқыту мүмкіндіктері үкімет тарапынан қолдау тауып жатыр. Осы технологияны пайдалану ауылдық жерлерді де жылдам ақпараттандыруға көмектесуде. Оқыту процесінде қолданылатын жаңа әдістердің бірі қашықтан оқыту әдісі болып табылады.

Қашықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Қашықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу.

Мұғалімдердің алдын – ала дайындау және ұйымдастыру шаралары жүргізілмесе, программалық қамтамасыз етілмесе оқушылардың білімі жоғарламайды. Өйткені оқушының білімін, үлгерімін көтеруіміз үшін оқытушының біліктілігін көтеруіміз керек. Қашықтан оқыту бұл мұғалімнің

біліктілігін көтереді, оқушының өз бетімен білім алуын қалыптастырады, ата-аналардың жаңа технологияға деген көзқарасын өзгертеді.

Қашықтан оқытудағы мұғалімдердің біліктілігін көтерудегі артықшылықтары:

— экономикалық, оқытуға кететін жалпы шығыны 40% кемиді;

— коммерциалық, қашықтан оқыту, технологиясы және оны қолдану болып табылады, оған деген сұраныс күннен-күнге өсуде;

— педагогикалық, оқыту мативациялық, интерактивті, технологиялы және индивидуалды болып келеді;

эргономикалық, қашықтан тыңдаушылар және мұғалімдер айналысуға өзіне ыңғайлы уақыттың кестесін қоюға мүмкіндігі бар;

коммуникативті, электронды желілері арқылы байланысатын педагогтардың, тыңдаушылардың мамандықтар саны көбеюде.

Мұғалім оқушының ішкі жан – дүниесінің сырын ашып, оның симпатикалық ынтасының дамуына жағдай тудырып отырады. Қазіргі заманда білім жүйесінің заман талабына, уақыттың сұранысына қарай ғарыштап дамуы, әрбір педагогтан сабақты ғылыми жобада жасауын талап етеді. Сабақты ғылыми жобада жасай білген мұғалім оқушы жүрегіне жол тауып, оның сабаққа деген қызығушылығын арттырып, мұғалім мен оқушы арасында түсінушілік пайда болады. Мұғалімнің коммуникативті дамуы: оқушыларды тыңдау, олардың көзқарасын түсіне білу, сын жасай білу, әңгіме, ұйымдастыра білу керек.

Әрбір мұғалімнің бойында шартты рефлексиялық қасиеттер қалыптасуы керек: балаларды оқытуды өзінің тәсілін жұмысында қолданып, қиын жағдайларда шешімін тауып, шыға білу керек. Қашықтан оқыту курсы осыған бағытталған. Қашықтан оқытуды екі негізгі бөлікке бөлуге болады: техникалық және дидактикалық. Оның құралы болып телекоммуникациялар, аудио және видео жазбалар, жергілікті және ауқымды компьютерлік желілер. Ұйымдасқан – дидактикалық құрылымда қашықтан оқыту оқытудың негізгі компоненті болып табылады, оқушылардың өз бетімен білім алуы.

Ақпараттық технология жақсы дамығанымен ол оқытудың басты құралы болып есептелмейді. Ол үшін оқу бағдарламасында және оқыту әдістеріне өзгеріс енгізу керек. Жаңа технологияны қолдану мұғалімдерге дайындық жұмыстарына көп уақытты керек етеді. Әрбір мұғалімнен ізденуді, шығармашылық жұмыс жасауды, алыс – жақын шетелдердің озық тәжірибелерімен танысуды және оның күнделікті өмірде қолдануды қажет етеді.

Бұл оқыту құралының күштілігі соншалықты, онымен бірге басқа колледждермен оқытудың жаңа түрлерімен, оқыту әдістерімен алмасады. Колледжде телекоммуникация тақырыбын оқыту мүмкіндігі бар. Әдістемелік кешен, мұғалім мен оқушыға қажетті бағдарлама, қазақ тіліндегі оқулықтар мен көмекші құралдары жеткіліксіз. Пән мұғалімдерінің Интернетті осы уақытқа дейін аз қана пайдаланып, тіпті қолданбағандары да бар. Колледждер жаңа

ақпараттық технологиялармен жабдықталғанымен, мұғалімдердің осы тақырып бойынша білімін жоғарылататын, яғни мұғалімдерді дайындайтын курстар жеткіліксіз. Ал, жалпы білім беру ісі жөнінен басқа озық елдердің тәжірибесін зер салып отыру, өзінің білімін жоғарылату, жаңашылдық, озат тәжірибе, компьютерлік коммуникацияны үйрену – әрбір пән мұғалімінің кәсіптік міндеті, қажетті парызы. Қаншалықты барлық құралдар жеткілікті болғанымен, пән мұғалімінің білімі төмен болса, оқушылардың телекоммуникация жөніндегі білімі төмендеп, болашақта Қазақстандағы телекоммуникациялық ортаның дамуына әсерін тигізеді.

Білімнің қайнар көзі оқулықта. Кітапханалар, оқу кітаптарының жетіспеушілігінен оқушылардың білімдері толық жеткілікті емес. Қазіргі кезеңде оқулықтар теориясы, оқытудың жаңа ақпараттық технологияларымен жобалау әдістемесі жасалуда.

Оқушылар қашықтан оқу арқылы өз білімдерін жетілдіре алады және ақпарат жүйелерін пайдалану мүмкіндігі артады. Мысалы керекті әдебиеттер мен оқу кітаптарын іздеу, бақылау және тестік тапсырмаларды орындау, лабораториялық жұмыстар, дайын баяндамалар, қашықтан олимпиадаға қатысу оқушының шығармашылық потенциалының дамуына әсер етеді.

РЕКЛАМА

Включить звук

Әр елде, қалада орналасқан оқушылардың қашықтан оқытуға қатысуы шығармашылық бірігу және жарысу эффектісін береді. WEB – беттер жасауда оқушылар өздерінің жұмысын желіден көріп оқушы ғылыми, суретші немесе басқа шығармалардың авторлары болады. Өзінің жұмыстарын жақсы, қызықты етіп көрсету үшін олар гипермәтіндермен, графикамен, дыбыстармен жұмыс істейді. Қашықтан оқуда оқушылар мәдениет арасында байланыс орната алады. Басқа елмен сұхбаттасу үшін сол елдің мәдениетін жақсы білу керек. Сонда мәдениеті, білімдері, діни бөлек оқушылар емін-еркін ақпарат алмаса алады. Басқа елмен байланысу үшін алдын ала оқушының психологиясын дайындау керек. Ол үшін әр түрлі тренинг өткізу керек. Бұл тренингте басқа елдердің мәдениетімен, олардың арасындағы айырмашылықтарды таныстыру бағытымен өтеді. Оларда мезгіл уақыттары мен уақыт арасында айырмашылық болады. Осы жерде электрондық конференциялар көмектеседі, одан керекті ақпаратты алуға болады. Қашықтан оқыту оқытушылар үшін де, оқушылар үшін де тиімді екенін уақыт дәлелдеді. Қашықтан оқыту жүйесіне ата-аналардың көзқарасы жақсы қалыптасып келеді. Әсіресе ата-аналар үшін қашықтан оқыту материалдық жағдайының тиімді болуын қарастырады.

Қашықтан оқытудың міндетін түсіну үшін оқушылардың арасында мониторингтік сараптамасы жүргізілу керек. Мониторинг нәтижесі бойынша қашықтықтан оқыту оқу процесіне жағымды әсер етеді.

Кемшіліктері:

Қашықтан оқыту біздің елімізде кең таралуы жайлы айту әлі ертерек, толыққанды қашықтан оқыту туралы айту үшін оқу орындарында және оқушының үйінде де жақсы техникалық және программалық құралдар болуы тиіс. Оның үстіне байланыстың сапасы жоғары болуы тиіс, бізде ол жағы әлі әлсіздеу. Білім Министрлігінің тарапынан қашықтан оқыту формасының әрекетіне қатысуында жетіспеушілік бар, нормативті-құқықтандыру, экономикалық және финанстық сұрақтар, Интернет бағасының жоғарлығы. Бұл проблеманы шешу үшін, мынадай ұсыныстар бар:

- кабинеттер компьютерлермен толық қамтамасыз етілуі керек;
- қашықтан оқыту курстары және бағдарламалары болу керек, оқытудың әдіс – тәсілін жасау, жобалау, арнайы курстар, үйірмелер ашу;
- қашықтан оқытудың өмірде жиі пайдалану, пайдаланудың тиімді әдістерін ойлап табу;
- алыс-жақын шет елдердегі қашықтан оқытудың іс-тәжірибесін оқып-үйрену;
- қашықтан оқытуда оқушының білім сапасын бағалаудың жаңа критерийін жасау;
- ақпаратты-техникалық жабдықтау қызметі қашықтан оқытудың программалық, ақпараттық және техникалық құралдарын дайындау;
- мультимедиялық бағдарламалармен жабдықталуы керек.

Әрине, оқу орындарының компьютерлік базасы әрі қарай толықтырылады, жетілдіріледі, бірақ соған қарамастан, қолдағы бар құралдарды толық пайдаланып, солардың мүмкіндіктерін барынша қолдануға тырысу керек. Қорыта келе айтарым – оқу процесінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданысқа енгізу техникалық жағынан да, психологиялық жағынан да күрделі мәселе болып табылады.

D00031 30.10.2020

ЖАҢАША ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

ИМАНАЛИН МАРАТ АБЫЛОВИЧ

Сарқан қаасы. Сарқан гуманитарлық колледжі

Материалдарды көркемдеп өңдеу шеберлігі - арнайы пән оқытушысы

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады. Еліміздің басшысы Н.Ә.Назарбаев қазақстандық мұғалімдердің кәсіби даму саласындағы жаңа көзқарасы олардың педагогикалық өміріндегі қосымша оң өзгерістер енгізуге мүмкіндік беруде. Білім сапасын көтеру мақсатында түрлі жаңалықтарды мектеп өміріне енгізіп жүрміз. Жаңа заманның білімді ұрпақтарын тәрбиелеп оқытуда түрлі қиындықтар кездеседі. Соның жолдарын іздеуде көптеген іс- тәжірибелер жасаудамыз.

Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой- талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Қазір бүкіл әлемде интерактивті қатынас жасауға оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын ақпараттық қоғамға көштік. Бүгінгі күні инновациялық әдістермен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады.

II. 1 Технология сабағында оқушылармен жұптық және топтық жұмыс жасаудағысын қалыптастыру

Бүгінгі таңда білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру-оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті

түр. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде оқытушының рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, оқытушы тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық

жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Оқушының өз бетімен жұмыс жүргізуі - шығармашылық қабілетті дамытудың басты жолы. Бұл ізденіс, ойлау әрекетімен тікелей байланысты. Ол үшін балаға берілетін білім сабақтастықты қажет етеді. Мысалы, мәтін тақырыбына орай айналадағы естілген дыбысты, адамдардың, жануарлардың сыртқы пішініне әр түрлі сөздер арқылы қатысты сипаттама мәтін құрату, көркем мәтіннен сөздерді табу, оқушының тілін дамыту ғана емес, шығармашылықпен жұмыс жүргізуге де әсер етеді, яғни оқушы ізденеді, талаптанады, ойланады. Сонымен қатар қайталау сабағында ән-музыка, бейнелеу түрлерін көбірек пайдалану, оқушыға ұсынылған жаттығуда мәтін құрауға жиі көңіл бөлу де шығармашылық қабілетті арттырады. Жаттығулардың бір қатары оқушының танымдық белсенділігін дамытып, шығармашылық әрекетін қалыптастыруға негізделеді. Оқушы тақырыпты меңгергеннен кейін жаттығу арқылы ойын жүйелеп, жұмыс жүргізуде, тапсырманы орындауда ойлау қабілетін жетілдіре түседі. Ойлау мен сқйлеу қабілеті бір-бірімен тығыз байланысты. Оқушының ойын жүйелеуде әртүрлі әдіс-амалдар қолданылады:

- жаңа материалды меңгеру;
- оқушыға бағыт беруғ яғни түрткі сұрақ, реплика беру;
- оқушының өзін көбірек сөйлету;
- тақырыпты бекіту;
- игерілген білімді тиянақтау;
- көрнекіліктердің әсерлігін тиімді пайдалану:

Оқушының өз бетімен ізденісіне деген қарым-қатынастық машықтар жүзеге асырылып, олар оқушылардың шығармашылық қабілетін жетілдіре түседі, яғни мәтін тақырыбын түсіну, ашу, ондағы негізгі ойды бөліп алу; шығармадағы негізгі кейіпкер, оқиға, құбылыс туралы өз пікірін тұжырымдау; өз ойын дұрыс жазу, айту оқушының байланыстырып сөйлеуін қалыптастырып, жетілдіруге, сөз қорын молайтуға, өзіндік көзқарасын орнықтыруға септігін тигізеді.

Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер ретінде «Диалог арқылы оқыту», «Қалай оқу керектігін үйрету» деп қарастырамыз. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұқбаттасуы және мұғаліммен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеу мен дамытуна көмектесетін амал.

АКТ-ны пайдалану бұл оқушыларға интертақтамен жұмыс жасай білуге, ол арқылы сурет сала білуге, интернет желісін пайдаланып ақпараттар алуға, сюжетті суреттерді анық көруге, видеороликтер көруге дағдыландырады.

Қазақстанның көркеюі үшін оқушылардың таланты мен қабілетін ашып, оларды оқыту барысында дамыту өте маңызды. Мектепішілік шаралар өткізуде әр оқушының талантын байқаймыз, ал ешқандай шараға қатыспайтын тұйық оқушылар арасында әртүрлі қызықты жарыстар өткізу арқылы дарынын байқау болып табылады. Дамыта оқыту – дәстүрлі оқытуға соңғы уақыттарға дейін

балама жүйе деп қарастырылды. Оның нәтижесінде әр оқушы өзін - өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтиже берді. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады.

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор.

Біріншіден – дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады.

Мысалы: «Жеңіл көйлек тігу» тақырыбын өткен кезде «Түсіну деңгейі» топқа сұрақтар жазылған көйлек мозайкалары таратылады, оқушылардың өз білетіндерін еске түсіріп, жаңа тақырыпқа дайындық жұмысы жүргізіледі.

Екіншіден - дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. «Жақсы оқушы», «Жаман оқушы»

ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады.

«Қолдану деңгейі» бойынша Әр топ көйлектің бөлшектерінің сызбасын сызып құрастырады. Бұл жерде оқушылар «Топтастыру стратегиясы» арқылы постер қорғайды.

I топ ұлттық көйлек

II топ заманауи көйлек

III топ тұрмыстық көйлек

Әр топ көйлектің бөлшектерінің сызбасын сызып құрастырады.

Үшіншіден – оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды. Бұл деңгейде оқушылар шығармашылық тапсырмалар орындайды. Жұптық жұмыс орындайды. Қалдықтармен жұмыс жасап, көйлектің эскизін дайындайды.

«Талдау деңгейі» «Реттілік» кезеңі.

Топтағы оқушыларға сұрақ парақшасы таратылады.

Бұйымды әрлеп үтіктеу

үлгі дайындау

Фурнитураларды (түйме, ілмек, гүл т.б) қадау

материалды пішу

Сызба дайындау

бұйымды тігу.

Оқушылар жеңіл көйлек дайындаудың технологиялық реттілігін дұрыс орналастырады.

«Жинақтау деңгейі» бойынша

Оқушылар өз ойларын ортаға салып, бір-бірін тыңдау арқылы қорытынды пікірге келеді.

«Бағалау деңгейі» бойынша: Не білдік?, Не үйрендік?, Сен қалай ойлайсың? Осы сұрақтар арқылы оқушылар бүгінгі сабақта не біліп, не үйренгендерін ортаға салады.

Кері байланыс: Қай тапсырма қиын болды, қайсысы оңай болды

Сарамандық жұмыстағы қателіктерге талдау жасау

Оқушылар смайлик арқылы көрсетеді.

Төртіншіден – дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым - қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді.

Жаңа әдіс – тәсілдерді тиімді пайдалана білу - оқушы шығармашылығы мен дүниетанымын кеңейтудің негізі. Осы технологияларды қолдана отырып, шығармашылық іс - әрекет талаптарын орындау мақсатында, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында бағдарламадағы мәтіндерге сәйкес деңгейлік, шығармашылық тапсырмаларды алып, практика жүзінде қолданып, мынадай тұжырымдар жасадым:

- оқушының шығармашылық дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;

- қызығушылық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығы дамиды;

- қызығушылық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы оқушыларды шығармашылыққа баулиды;

- оқушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай

топтарға бөлініп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор;

-қызығушылық іс-әрекетте дәстүрлі емес әдіс-амалдар пайдалану интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, оқу-танымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандырады.

Тәжірибе көрсеткендей күнделікті сабағыма қарағанда жаңа -әдіс тәсілдерді пайдалана өткен сабағымдағы оқушының белсенді іс -әрекетін, қызығушылығын байқадым. Тарих сабағында оқушы шығармашылығын дамыту тарихи көркем әдебиеттерге жол сілтеу болып табылады. Қазіргі таңда ғылыми негізде және жаңа зерттеушілік бағытта құрастырылған электронды оқулықтарды тиімді пайдалану оқушының пәнге қызығушылығына жол ашады . «Робин раунд» әдісі бойынша сыныптағы оқушылар бір –бірін қайталамай сабақ мазмұнына сай пікірін айтып сабақты қорытындылай алады . « Ыстық орындық», «Сұрақтарды ұстап ал», «Ассоциация» «Джигсо» әдістері, яғни диалогтік оқыту барысында оқушылар келісілген нәтижеге жету үшін күш жігерін жұмсайтын және Мерсер сипаттағандай «білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады ».[1.37] сондықтан бір-бірін оқыту оқушылардың өз пікірін еркін айтуына мүмкіндік туғызары анық.

Сабақта жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан- жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді, жаңа ақпарат түрі көбейіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болу тиіс. Мен өз тәжірибемде ғаламтордан тақырыптық

бейнекөріністер алып оған талдау жасау жұмыстарына үлкен мән беремін. Осы арқылы оқушылардың тарихи түсініктері бір жерде ғана тоқталып қалмайды.

Мысалы: 5 сыныпта «Ою-өрнек жасалу жолдары» тақырыбында сабақ өткізгенімде алдымен сыныпты түстер бойынша 3 топқа бөлдім. Әр топқа қазақ халқының ұлттық киімдері, баспанасы ,зергерлік бұйымдарымен мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрін оқытып үйрету мақсатында оқушыларға сұрақ қоя отырып қазақ халқының баспанасы, ұлттық киімдер,зергерлік бұйымдары барлығы дерлік ою-өрнекпен әшекейленеді деген мәтіндер бойынша топтық тапсырмалар бердім. Оқушылар сабақ барысында өз пікірлерін еркін жеткізе білуге,бір - бірін тыңдай білу мен пікірлерімен санаса білуге дағдыланды.АКТ-

ны пайдалана отырып алған мәліметтерін үш тілде баяндай алды. Қазіргі таңда АКТ-ны тиімді пайдалану оқушыларымызды мына қадамдарға бағыттайды .

1.Оқушы танымын кеңейтеді

2.Оқушыны ғаламтормен тиімді жұмыс жасай білуге бағыттайды .

3.Оқушының өзіне сенімін нығайтады және жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастырады.

Ақпаратты технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады.

1.оқушылармен материалды игеру үрдісін психологиялық түрде жеңілдетеді.Пәнге деген танымдылық қызығушылығын тудырады. Оқушылардың көзқарасын кеңейтеді. Сабақ үстінде көрнекілікті қолдану мүмкіндігі өседі. Сабақ үстінде оқушының да мұғалімнің де еңбек өнімінің жоғарлауы болады. Қорыта келгенде Бүгінгі күні республикамызда білім беру жүйесінің түбегейлі өзгеріске ұшырауы анықталғаны баршамызға аян. Оның негізгі факторы жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында жаңа модельдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандырылуы болып табылады. Прогрессивті концепциялардың пайда болуы, білім беру үрдісінде алға кеткен мемлекеттердің тәжірибесімен танысу және соның нәтижесінде ұлттық білім беру моделін құрастыру бүгінгі күні өте өзекті мәселе болып табылады, өйткені нарықтық экономикаға негізделген мемлекетіміздің келешегіне

мамандар қажеттігінен туындайды. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабақ беру үрдісінде қазіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады. «Ұстазы жақсының ,ұстамы жақсы» — деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл - ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясын сабақ үдерісінде қолдану арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады.

D00033 30.10.2020

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ТҮРҒЫДАН ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

МАРАЛБАЕВА МАРЖАН МАРАЛБАЕВНА

Сарқан қаласы. Сарқан политехникалық колледжі

Математика пән мұғалімі

Қазіргі таңда білім берудің элеуметтік құрылымы маңызды элементтердің біріне айналып отыр. Дүниежүзінде білімнің рөлі артып, әр елдің өзіндік білім беру жүйесі тағайындалған. Бірақ, ол әлем халықтарының білім берудегі тәжірибесімен, бағыт – бағдарымен деңгейлес болуы қажет. Қазақстан Республикасындағы үлкен өзгерістердің білім беру саласында қамтылуы маңызды іс – шара болып табылады. Осы орайда білім беруді дамыту тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудағы маңызды құжат екендігі сөзсіз.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу – тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Оқушыларға терең де жүйелі білім және әдістемелік тәсілдерді жетік меңгерген болуы тиіс. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызғылықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Мен өз сабағымды тереңдете оқытуға, шығармашылық сипаттағы тапсырмалар бойынша жұмыс жүргізуге көп көңіл бөлемін. Бұл мақсаттарды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының пайдасы тиді деп айта аламын. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің екінші деңгей бағдарламасы бойынша біліктілігін арттыру курсы аяқтаған куәлігін алғаннан кейін жеке тұлғаны дамытуға бағытталған осы жобаны жүзеге асыруды қолға алдым.

Мақсаты: педагог қызметкерлердің қосымша білім мен дағдылар көлемін алудағы білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру, қазақстандық мұғалімдерге қарқынды өзгеріп жатқан өмір жағдайында үздіксіз кәсіби дамуға дайын болуға көмектесу.

Міндетері:

• Мұғалімдерге педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мен бағалауға көмектесу;

• Сабақты белсене өткізіп, әр баланың еркін жауап алуға жағдай жасау;

• Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағалау;

• Ойын дамыту үшін «Менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру;

• Оқушыны дұрыс емес деп жазқамау, жауаптарға бірдей қарау;

• Тілін дамыту мақсатында оқушының сөзін, ойын бөлмей аяғына дейін тыңдау;

• Дүниетанымын кеңейтуге жағдай жасау;

• Жеке тұлға ретіндегі рөлін көтеру, тең дәрежеде қарым – қатынас

• ұйымдастыру;

Күтілетін нәтиже:

• Оқушы еркін ойлануға мүмкіндік алады;

• Тұжырым жасауға үйренеді;

• Жан – жақты ізденеді;

• Шығармашылық белсенділігі артады;

• Ақыл - ойы дамиды;

• Ұжымдық іс – әрекет мәдениеті қалыптасады;

• Топ алдында өз ойын айтуға, пікірін қорғауға дағдыланады;

• Есте сақтау қабілеті артады;

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептер педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасының күтілетін нәтижелер оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел – уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір - көзқарастары жүйелі дамыған, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін өз деңгейінде меңгерумен қатар, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптасуын қамтиды. "Мұғалімге арналған нұсқаулықта" негізгі материал тиісті сабақта қарастырылатын жеті модульге сараланған. Алайда, осы жеті модульге қарастырылған идеялар сабақта пайдаланылатын жекелеген стратегиялар мен тәсілдер сияқты өзара байланыста болады.

Модульдер:

1) Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.

2) Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.

3) Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.

4) Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.

5) Талантты және дарынды балаларды оқыту.

6) Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.

7) Оқудағы басқару және көшбасшылық.

Сондықтан білім беру мен оқытудың қазіргі заманғы әдістері мұғалімнің күнделікті тәжірибесі және кәсіби мән мәтінмен өзара байланыста қаралады.

«Мұғалімге арналған нұсқаулықта» негізгі материал тиісті сабақтарда қарастырылған жеті модульде сараланған. Қашықтықтан оқыту, мектептегі тәжірибемді қысқа мерзімді, орта мерзімді жоспарлап жасағанда, сабағымның мақсатын жеті модуль идеяларына негіздеп құрастырдым. Бағдарламаның жеті модулін басшылыққа ала отырып өз сабақтарыма өзгерістер енгіздім. Ең алдымен оқушыларды ойландырып топқа бөлуден бастадым. Топқа бөлуде әр сабақта әртүрлі оқушыларды сыни тұрғыдан ойландыруға бағытталды. Мысалы, бірінші сабағымда оң сандар, теріс сандар, таңба белгілері арқылы, екінші сабағымда сәуле, санақ басы, координаталық түзу арқылы, үшінші де рационал сандар, бүтін сандар, қарама - қарсы сандар арқылы, төртінші сабақта 1, 2, 3 сандарға берілген мысалдар бойынша топтарға бөлдім.

Топтың табысқа жетуі және жаңа ойлау жолдарын дамыту үшін топтарға топ ережелерін құру ұсынылды. Топтар мұғалімге бағыну, тыныштық сақтау, уақытқа бағыну, бір – бірін мадақтау деген топтық ережелерді құрды. Сыни тұрғыдан ойлау модулі бойынша Александердің диалог арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамытуда диалогтің бес үлгісін басшылыққа ала отырып мен сабақтарымда Александер тәжірибесінде зерттелген диалогтің бес үлгісінің механикалық есте сақтау үлгісі арқылы үнемі сабағымда анықтамаларды қайталап отыру арқылы есептердің шығару жолдарын есте сақтауды анықтадым. Мысалы оң сандар, теріс сандар, қарама - қарсы сандар, рационал сандар, бүтін сандар, координаталық түзудің анықтамаларын үш топ постермен қорғағанда қайталады, диалогтік оқытудың механикалық есте сақтау үлгісін жүргізді. Сонымен бірге берілген сұрақтар бойынша бұрын өткендерді еске түсіру үшін декламация үлгісін және оқушыларға не істеу керектігін түсіндіру немесе ақпаратты жеткізу арқылы диалогтің нұсқаулық үлгісін, есептерді шешу мақсатында ой бөлісу арқылы диалогтің талқылау үлгісін қолдандым. Сабақтың тақырыбын ребустар, ой қозғау, эссе жазу, есептер шығару, көшбасшыны тағайындау мақсатында оқушыларға тапқырлық есептер беру арқылы, үш тақырып бойынша мысалдар келтіру арқылы, өз ойларын дәлелдеу арқылы сыни тұрғыдан ойландыруды мен аштырдым. Сабақтың тақырыбын ребустар, ой қозғау, эссе жазу, есептер шығару, көшбасшыны тағайындау мақсатында оқушыларға тапқырлық есептер беру арқылы, үш тақырып бойынша мысалдар келтіру арқылы, өз ойларын дәлелдеу арқылы сыни тұрғыдан ойландыруды мен аштырдым.

Ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін де уақтылы өзгертіп отыруды талап етеді. АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр. Оқыту барысында осы технологияларды ойланып қолдануды қажет етеді. Қазіргі кезде оқушылар компьютердің қыр сырын меңгерген және сыни тұрғыдан меңгерудегі

шапшаңдығы өте тез. Топтардың арасында бірлескен жұмыс, оқушылар оқшауланып оқымайды, бір – бірін қолдау, топтық рух мадақталды, жігерін жұмсайды, білімді бірлесіп алуда немесе пікір алмасу барысында тең құқықты болды, оқушылар сонымен бірге пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы іске асады. Олар топпен жұмыс істейді, онда тыңдау, дене қимылдары, келіспеушілікті құрметпен білдіру қабілеттеріне назар аударылды. Оқушылар жұппен де, өз беттерімен де өз білім деңгейлерін бағалайды және оған қалай жеткенін түсінуге мүмкіндіктері бар. Бағалау барысында оқушылар өзінің оқу үлгерімінің деңгейін біледі және алдағы мақсаттарға қарай жылжиды.

Көрсету, түзету, оқытуды бағалау сияқты әдіс - тәсілдердің көмегімен оқушыларға білім беруде жаңаша идеяларды ұсынады. Сабақ өтікізу барысында тапсырмаларды топтық жұмыстар арқылы ұйымдастыру оң нәтижесін берді: оқушылардың өзара ынтымақтасуы, өзара әрекеттесуі арқылы тақырыпты түсінуі, оқушылартақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырылды, оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдері анықталды, білімге құштарлықты дамыдыжәне зерттеуге ынталандырылды, өз жауаптарына деген сеніділігі байқалып отырылды. Есептер шығару кезінде топпен жұмыс жасағанда білетін оқушылар есепті ортаға салып бірлесіп, пікірлесіп шығарып отырғанын байқадым. Есептердің критерийлерін жаза отырып шығарғанда алғашқыда көп ойланып уақыттарын алды, пікірлерін ортаға салу арқылы критерийдің не екенің түсінді. Есептің критерийін жазудағы мақсат есептің шешуде нені білу керектігін алдымен еске түсіру, керек анықтаманы көз жүгіртіп ойына салуда механикалық есте сақтау диалогі мен критерий жазу есеп шығару барысында бірге жүріп отырды. Алғашқыда критерий жазғанда есептің берілісіндегі шартын жазып ауытқулар болды, оны болдырмас үшін жетелеу сұрақтары арқылы бағыт беріп тұруды басшылыққа алдым. Бұл жерде мұғалімнің бағыт беруімен тапсырма жүйеге түсті. Тапсырмаларды қызықтырып бергенде, мысалы координаталық түзуде нүктелерді АКТ - ны пайдалану арқылы кескіндеу тапсырмасында соны есеп шығаруда қолдандырған кезде, АКТ – ға деген қызығушылығын артқанын және есепті шығарудағы тиімділігін көрдім.

Жеті модульмен жұмыс жүргізгенде өзгерісімнің тағы бірі бағалау. Өткізген сабақтарымда бағалау топтардағы көшбасшылардың бағалау және топ мүшелерінің өзін - өзі бағалауы болды. Дәстүрлі сабақта бағалау мұғалімге тәуелді болғандықтан алғашқы сабағымда алдымен лидердің бағалауын тыңдап және өзімнің бағамды ескеріп бағаладым.

Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес ойды шыңдау. Бұл жоба арқылы оқушылар берілген тақырып мазмұнына сын тұрғысынан қарап, өзіне қажеттісін, сапалы шешім қабылдауды, сұрақ қоя білуді, кез – келген сұраққа жауап іздеуді үйренеді, ойы дамиды. Бұл жобаның ерекшелігі сол, онда оқушының қызығушылығын арттыра отырып, қиялын дамыту үшін, «менің

ойымша» деген жауапқа дағдыланады, оқушы өзінің ойын ашық әрі еркін айту арқылы ғана белгілі бір жетістіктерге жетеді. СТО жобасында жұмыс жеке, жұппен, топпен жүргізіледі. Мұғалім оқушыны білім алуға бағытталған іс – әрекетін бақылай алады, бағыт – бағдар береді.

Жеті модульмен жұмыс жүргізгенде жеткен жетістіктерім:

- Мәселенің ең негізгі түйінді табуға дағдыланды;
- Оқушылар өз бетінше ізденуге үйренді;
- Сұрақ қойып, сұрақтарға жауап беруге машықтанды;
- Тақырыпқа деген жан – жақты түсінігін аңғара отырып, ынтасын одан әрі дамытуға мүмкіндік жасалды;
- Ой идеясының ішкі астарына үңілуге, өзекті мәселелеге терең барлауға бағыт берілді;
- Ақпаратты саралауға, жүйелі жүргізуге дағдыланды;
- Оқушылардың шығармашылық белсендіктері және сын тұрғысынан ойлау әрекеттері бағаланды;

Сын тұрғысынан ойлай отырып, өзіндік белсенділіктің болуы да білімге құлшынысты, жаңалықты ашуға, ізденуге, қиындыққа төзуге үйретеді. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес. СТО – оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір – бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздеуге, қиындықты жеңуге баулитын жоба.

D00034 30.10.2020

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ НАШАР БАЛАЛАРДЫ АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

ТОКТАРБАЕВА ДИНАРА СЕРИКОВНА

Алматы облысы, Талдықорған қаласының есту қабілеті бұзылған балаларға арнайы мектеп-интернатының тәрбиешісі

Қазіргі Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларды анықтау жүйесін ұйымдастыру жұмыстары қолға алынған. Дамуында ауытқуы бар балалар ерте кезден анықтау мақсатында, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Комитеті, ерте сәбилік жастағы балалардың жүйке-психикалық дамуына, алғашқы дәрігерлік-санитарлық жәрдем беру пунктерінде скрининг жасау міндеті болды.

Есту қабілеті бұзылған балалардың мінез-құлық ерекшеліктері мен психологиясы алғаш рет ХІХ ғасырдың орта шенінде зерттеле бастады. 20 жылдары Л.С.Выготскийдің басшылығымен арнайы психологиялық мәселелер жүйелі түрде қарастырылды. Сурдопсихология саласындағы зерттеулер

И.М.Соловьевтың жетекшілігімен жүзеге асырылды. Сурдопсихологияның қалыптасуының кезеңдерінде А.П.Гозова, Г.Л.Выгодская, Н.Г.Морозова, М.М.Нудельман, В.Г.Петрова, Т.В.Розановна, Л.И.Тигранова және т.б. ғалымдар өз үлестерін қостых[1].

Сурдопсихология- психологияның бір тармағы, есту қызметінде бұзылуы бар балалардың психикалық даму заңдылықтарын зерттейді. Есту қабілеті бұзылған балаларға педагогикалық ықпал жасаудың тиімді жолдары мен әдістері, психологиялық жағынан негіздеуінен, интеграциялы оқыту мен саңырау балаларды қоғамға енгізудің психологиялық мәселелерін зерттеумен айналысады. Кемістігі бар балаларды жан-жақты тәрбиелей отырып, қоғамның бір мүшесі етіп қалыптастыру және көптеген арнайы мектептерде сияқты, естімейтін және нашар еститін балаларға арналған мектептердің негізгі мәселелердің бірі-тәрбиешілердің арнайы мамандықтарының жоқтығы. Сондықтанда келешек дефектолог-сурдопедагогтар осындай жағдайларды тудырмауға тырысу керек.

Естімейтін және нашар еститін балаларға арналған мектептегі тәрбиенің мазмұны ерекше. Жалпы айтқанда, тәрбие дегеніміз- адамдарды қоғамдық өмірге және еңбекке дайындау мақсатын көздеп, жаңа ұрпаққа қоғамды тарихи тәрбие беру процесі болып табылады.

Тәрбие ұғымы кең мағынада әлеуметтік қоғамдық құрылыс ретінде барлық салаларын қамтиды: жанұя, мектепке дейінгі мекеме, оқу, тәрбие орындары, еңбек ұжымы, информатика құралдары және басқа орындар. Тәрбие процесі- күрделі диалектикалық процесс. Жас ұрпақ, бойына саналықты қоршаған ортаға адамгершілікті көз-қарасты, мектеп мақсатына сай, адамзат тарихының бай процестерін игеру. Тәрбие процесі- ұжымды дамытумен, қалыптастыруға бағытталған тәрбиеші мен тәрбиеленушінің мақсатты және өзара байланысты қызметі.

Тәрбиеші тәрбие арқылы баланың түрлі іс- әрекеттерінің тиімді етуін ұйымдастырады, оның дамып жетілуіне қажетті материалдарды іріктеп алады, айналадағы табиғи және әлеуметтік ортаға көзқарасын дамытады.

Тәрбиенің өмірмен, еңбекпен қоғам құрылысының практикасымен байланыс принципі. Бұл принциптің мәні- қоғамның экономикалық, әлеуметтік және рухани қатынастарын өмір шындығының моралі және әсемділікке көзқарасын тәрбие ісінде қолдау болып табылады. Осы принципті жүзеге асыру балаларды өмірге, еңбекке, мамандықты таңдауға, толық дайындауының шынайы алғышартын жасайды [2].

Арнайы мектептерде оқытылатын естімейтін және нашар еститін оқушылардың жеке басының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін, оның дербес әрекеттері ерекше маңызды, мұндай оқушылар тек мұғалімнің нұсқауы және олардың бақылауы мен әрекет жасаған кезде, ең алдымен тіл алғыштыққа үйретеді.

Арнайы мектептерде оқытылатын естімейтін және нашар еститін оқушылардың сабақ үстінде мұғаліммен және құрбыларымен үнемі қатынасып отыруы нәтижесінде баланың адамгершілігі қалыптасып, өмір тәжірибесі баии түседі. Есту қабілеті зақымданған оқушылардың тебіреністері, олардың қуаныштары мен реніштері, ең алдымен оқуға байланысты.

Есту кемістігі бар балаларға арналған мектептерде мұғалімдер сабақта көптеген көрнекіліктерді пайдаланады, сол арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Естуі зақымданған балаларды және де басқа да ауытқуы бар балаларды мемлекет өз қарамағына алғанымен, олар мұндай балалардың білім алу дәрежесін көтеру қажеттілігін көрсетті. Яғни, арнайы мектепте оқитын естімейтін және нашар еститін балалардың даму психикасының кейбір жақтары өзіндік формада қалыптасады. Сол себептен есту қабілеті зақымданған оқушыларға арналған мектеп мұғалімдері оқу-тәрбие жұмысын балалардың жас және тұлғалық, есту зақымдықтарын ескере отырып құру қажет.

Арнайы мектеп оқушылары қозғыш болып келеді. Мұғалімдерді тыңдамай, жан-жағына алаңдап, қасындағы жолдасына жұмыс жасауына мүмкіндік бермей, кедергі келтіреді. Осы себептен арнайы мектепте тәрбие тәрбие мазмұнының рөлі аса зор. Мұғалім оқушыға тек бір жақты қарамай, оның мінез-құлқына, кемістігіне, дәрежесіне, денсаулығына аса зор мән беру қажет. Кейбір есту қабілеті зақымданған балалар қарапайым нәрсені орындаудан бас тартады. Мұндай кезде мұғалімнің талап қойғыштығы болу керек. Балаға бас салып ұрыспай, оған түсіндіру, дұрыс жолға бағыт беруі тиіс.

Жанұя ортасы- әр бала үшін алтын бесік, қанатын қатайтып, үлкен өмірге аттандыратын мейірімді биік тұғыр. Гүл күнге қарап өсетін сияқты, бала да тәрбиешінің мінез-құлқына қарап, ер жетеді, өседі.

Тәрбиешілер, ең алдымен, өзі үлгі болатындай етіп, өз-өзін тәрбиелеуі керек. Әр баламен жеке дара жұмыс жасап, әңгімелесіп, сырласу тәрбиешінің ғанибетті ісі.

Тәрбиешілер табиғи болуы қажет, олардың жылы жүрегі, мейірімді жүзі, аялы алақаны, ыстық құшағынан балаға дүние есігі ашылады, оның дүние танымы, өмірді танып білуінен басталады. Әр тәрбиешінің бойында, естімейтін және нашар еститін балаларға деген сүйіспеншілік, қамқорлық сезімі, елеулі рухани күштің, сезім сұлулығы мен мінез байлығының, өмірдің әр қырының жағымды үлгі-өнегесі болуы қажет[3].

Есту қабілеті зақымданған балаға мұғалімнің сабақта қалыптасқан қарым-қатынас стилінің тәрбиелік маңызы зор. Мұғалім мен оқушының сабақ үстіндегі қарым-қатынасын, олар балалар арасында үстем болатындай етіп ең жоғарғы адамгершілік қарым-қатынастар түрінде құрудың маңызы өте зор.

Естімейтін және нашар еститін рухани байлықтарды әртүрлі қабылдайды. Осының салдарынан психикалық даму ерекшеліктері байқалады. Қоғамдағы

қарым-қатынасты игеру балалардың жанұядағы қарым-қатынасына, жанұядағы мәдениетіне, педагогикалық жұмыс жүйесіне байланысты. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы естімейтін балалардың негізгі іс-әрекеті-ойын. Д.Б.Элькониннің айтуы бойынша « Ойын арқылы іс-әрекет пайда болып, адамгершілік артады.»

Ойын әрекеті балалардың психикасын, тұлғасын дамыту үшін маңызды. Естімейтін және нашар еститін балалар ойын әрекеттерінде қоғамдық өміріндегі формаларымен және қоршаған ортамен танысады.

Арнайы мектептің сабақтарында жүргізілетін дидактикалық ойындардың да тәрбиелік мәні өте зор. Бұл жағдайда, кемістігі бар балалардың ұжымдық жұмысын ұйымдастыру формасы тәрбиелеуші фактор болып табылады, мұнда оқушылар бір-бірімен араласып, ортақ жауапкершілікті көтеріп, бір-біріне көмектеседі, тапсырмаларды шеше алмай жатқанда бір-біріне жандары ашиды. Міне, осы жағдайды арнайы мектептегі педагог, балалар арасындағы жолдастық, ізгі ниеттік қатынастарды қалыптастыруға, әдептілік және жолдастық сезімді тәрбиелеуге пайдаланады

Программаларда, әдістемелік құралдарда мұғалім назарын бәрінен де бұрын, дидактикалық міндеттерді: балалардың ой-өрісін кеңейту, олардың өздерін қоршаған әлем туралы түсінігі мен білімін, табиғаттың өзара байланысты және өзара сабақтас құбылыстарды білу туралы білімін байыту танымдық мүдделерін дамыту міндеттерін шешуге бағыттайды.

Кемістігі бар балалар үшін, табиғатта жасалатын серуендеудің маңызы зор. Табиғаттану бойынша серуендеу, оқушыларға өздерін қоршаған аймақтың жер бедерімен, өсімдіктерімен таныстырып, зерттеуді, оның ерекшеліктерін анықтауды мақсат етеді. Сонымен қатар, мұғалім оқушыларды тәрбиелеуде табиғатты қорғау, оған мейлінше ұқыптылықпен қарау керектігі туралы әңгімелесуі керек, әдетте, табиғатты қорғау дегенді қолдан отырғызылған жасыл ағаштарды кеспей, қамқорлық жасау туралы мәселемен ғана тірейді. Дұрысы, бұл мәселеге әлдеқайда кеңірек қарау керек. Табиғатқа серуендеу кезінде балалар, мыса...лы кемістігі және көзі жабылып қалған бұлақтарға кездесуі мүмкін. Мұндай бұлақтардың көзін ашып, қоқыстан тазарту- әркімнің міндеті.

Табиғатпен араласу- балаларда мейірімділік, қайырымдылық, сезімталдық қасиеттерін тәрбиелеудің тамаша мектебі. Кімде-кім бала кезінде табиғатқа немқұрайлы қарап, оның сұлулығын көре алмай, хайуандарға табиғаттағы әлсіз тіршілік иесі ретінде қарап, қамқорлық жасауды үйренбесе, кейін ондай балалардың адамгершілік мейірім күту қиын, өйткені, қайырымдылықтың жақын адамға деген нышаны адамға бала кезінен егіледі ғой. [4].

Әсіресе, есту қабілеті зақымданған балаға мұғалімнің сабақта қалыптасқан қарым-қатынас стилінің тәрбиелік маңызы зор. Мұғалім мен оқушының сабақ үстіндегі қарым-қатынасын, олар балалар арасында үстем болатындай етіп ең

жоғарғы адамгершілік қарым-қатынастар түрінде құрудың маңызы өте зор.

Естімейтін және нашар еститін балаларға арналған мектептің жалпы және негізгі мақсаты- естімейтін және нашар еститін оқушыларды жан-жақты дамытып, өз бетімен өмір сүруін және еңбек етуіне даярлық жасау. Бұл міндеттерді шешу үшін жүйелі түрде коррекциялық шаралар жасау, есту кемістігі бар балалардың кемістігін жақсарту, жеке тұлғаның жан-жақты қалыптасуы мен әлеуметтік бейімделуін жоспарлап жүргізу керек. Арнайы мектеп жалпы және арнайы тапсырмаларды шешу үшін есту мүшесі зақымданған балалардың тәрбиесін жалпы мектеп бағдарламасына сүйене отырып қолданады. Мектептің жалпы және басты мақсаты естімейтін және нашар еститін балаларды өз бетімен өмір сүруге және жұмыс істеуге бағытталған. Тұлғаны қалыптастыруда және арнайы мектеп баласының ақауын түзетуде келесідегідей жағымды жағдайларда қалыптастыру керек:

- Күн тәртібін орындау.
- Жекелеген қатынас
- Әр түрлі үйірмелерге қатысуы.
- Жүйелі қадағалау.

Есту кемістігі бар балаларға арналған мектептерде оқитын оқушылар тез шаршағыш болып келеді және де тілдері дамымаған, сөздері дамымаған, сөз қоры өте аз, дыбыс шығарулары дұрыс емес, айтқан сөздері түсініксіз болады.

Қоршаған ортаның сөздерін ұғынуға қиналады. Естімейтін және нашар еститін баланы коллективтің рухында тәрбиелеу, оның өз тәртібіне, жеке басының жауапкершілігіне тәрбиелеуді, барлық оқу міндеттерін орындауды талап етеді Сондықтан да, есту кемістігі бар балаларға арнайы мектеп тәрбиешісінің алатын орны ерекше.[5].

Осындай мүмкіндігі шектеулі, көмектесуге зәру жандарға оның ішінде балаларға жақсылық жасап, қолдан келгенше көмек көрсетіп, оларға да білім сапасын қалыптастыруымыз керек,Осындай естімейтін және нашар еститін балаларға арналған тәрбиенің мазмұны ерекше. Бұл тәрбиенің басты мақсаты-әлеуметтік сарыны кемтар балалардың кемістіктерін жою, оларды әр тарапты дамыған қоғамның толық мүшесі етіп дайындау біздің міндетіміз.

D00035 30.10.2020

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМГЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

САЛИМОВА ЖАНСАЯ БЕРИКОВНА

*Алматы облысы Ақсу ауданы Жансүгіров ауылы
Қ.И.Сәтпаев атындағы орта мектеп-гимназиясының
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі*

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы-заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының прасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс.

Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады. Еліміздің көптеген ұстаздары жаңартылған білім жүйесімен курстарға барып, білімдерін толықтыруда. Курстың маңыздылығы да міне, осында.

Қазақстанда білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстандық білім беру жүйесін жаңарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Жаңартылған білім беру мазмұнының стандарты жиынтығы функционалды сауаттылықты қамтамасыз ететін дағдылардың кең спектірін дамыту бойынша үздік халықаралық тәжірибеге бағытталатын болады. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады. Еліміздің жолдауында айтқандай: Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет. Қазіргі білім беру жүйесінді жаңа технолгияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттілігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берілген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыпасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Жаңа тұрпатты мұғалім педагогикалық процестің бірізділігін және оқу мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай отырып, оқыту моделін жобалай білу қажет. Жаңартылған бағдарламамен жұмыс жасайтын мұғалімнің шығармашылық іс-әрекетін мазмұны зерттеушілік қызметтен, жеке ізденістерден, оқушымен ата-анамен тығыз ынтымақтастықтан

тұрады. Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіптік зерттеушілік позициясы өз кәсібін шығармашылық деңгейде жетік меңгерген кезде ғана айқындала түседі. Оқушылардың бойында өмір бойы білім алу дағдыларын қалыптастыру мақсатында бастауыш сыныпқа арналған пәндердің аясында мұғалімдер әрбір оқу жылында нені оқыту керектігін және оқу сапасы қандай болу керектігін нақты білуі тиіс. Оқушылар әртүрлі пәндердің аясында қолдануға болатын білім алып, дағдылары мен мінез-құлқын қалыптастырады, бұл оқушыларға мектептен тыс өмірде қолдануға болатын дағдыларды меңгеруге көмектеседі. Осындай дағдыларға сауаттылық, математикалық ойлау қабілеті, сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау кіреді, бірақ бұл тізім бұлармен шектелмейді. Жаңаша көзқарасты талап етеді. Ал жаңартылған бағдарлама аясында мұғалімнің кәсіптік жетілу қалыпты жағдай. Өйткені, балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін, оларды осы табыстылыққа жаңа тұрпатты, өзін-өзін реттеген педагог қана жетелей алады. Жаңа тұрпатты педагог алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Білімді тұлға шығару сабақ сапасынан. Сабақ дегеніміз –оқытуды ұйымдастырудың басты формасы. Жаңаша оқытуда оқушы мұғалімнің түсіндіргенін меңгеріп қана қоймай мұғаліммен тікелей пікірталасқа көшеді, оқушы рөл атқарушы ғана емес, жетекші бағытта ұстайды. Мұғалім мен оқушы арасында тығыз байланыс қалыптасады, бірлік одақта қызмет істейді. Бастауыш сыныпта оқушылардың оқу-әрекетін жедел басқаруды ұйымдастыру құралы ретінде, сабақта компьютерді пайдаланудың тиімділігі бар екендігіне айтқым келеді. Оның артықшылығы мынандай:

1. Әр оқушы өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді.
2. Уақытты үнемдейді.
3. Мұғалім бақылаушыдан кеңесшіге ауысады.

Сабақта әр-түрлі жаңа әдістерді қолдану нәтижесінде оның ұтымды тұстарын айтпай кетуге болмайды.

Сабаққа деген құлшынысы пайда болады.

- Оқушылардың өздігінен тапсырманы орындауға деген талпынысы пайда болады. Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жағдайлар жасау керек. Оқушылар оқу әрекеті барысында жаңа әдістерге жақын болып, оны пайдалана білулері керек. Бастауыш сынып оқушыларының құлшынысы мен белсенділігі өте жоғары болғандықтан, пәндер арқылы баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету керек. Ең бастысы тақырып мазмұнына байланысты сабақ үрдісін басқару мен түрлендіріп өткізуге назар аудару қажет. Неге?, Неліктен? деген проблемалық сұрақтар қою арқылы оқушыларды ізденіске бағыттап, дәлелдетіп, өз ойларын жинақтауға бағыттау. Оқушыны қорытынды жасауға өзгеше бір тың пікір айтуға жетелеу, ой қайшылығын тудырып, дұрыс ой қорытуға дағдыландыруға көп көңіл бөлу. Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі жағдайда дамиды. 1.

Кез келген бала адамзат баласының осы кезге дейін жинақтаған тәжірибесін меңгертуге бағытталған оқу әрекеті арқылы дамиды. Білім, білік, дағдыны қабылдайды. 2. Кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы: ол баланың өзін-өзі қалыптасуына өз идеясын жүзеге асыруға бағытталған жаңа әдіс-тәсілдер іздейді. Проблеманы өзінше жаңаша шешуге талпынады. Бастауыш сынып оқушыларының пәнге деген қызығушылықтарын тудыру үшін әр-түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Олар мынандай:

1. Белгілі бір тақырыпта пікірталас тудыру.
2. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмалады шешу.
3. Ұнатқан кейіпкеріне мінездеме беру.
4. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру.
5. Мәтін мазмұнын өңдеу.

Педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылтын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы мен жұмыс істеу ретін әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушылардың мүмкіндіктерін ескерек отыра, өзінің кәсіптік шеберлігіне сай таңдауы тиіс деп санаймын.

Осы тұрғыда алға қойған мақсатым: Оқу мен оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. Оқушы жаңа ақпаратты бұрынғы білімімен ұштастыра түсу үшін мен өз сабақтарымда мынандай тәсілдерді пайдаланамын. Әдебиеттік оқу пәнінде болжау кестесі, ойлан, жұптас, ортаға сал, сұрақ қоя білуді, өзара оқыту т.б. Осы әдіс-тәсілдерді қолдану кезінде ең тамаша кезеңге, яғни оқушының өздігінен білім алу, шығармашылық іс-әрекетінің оянуы, бір сөзбен айтқанда, өзіндік еңбек ету кезеңіне айналдырады. Сабақты қорытындылау кезеңінде оқушылар алған білімін пайдалана отырып шешім қабылдайды, топпен бөлініп берілген тапсырмалары болса өздері дәлелдейді, көрсетеді, бағалайды немесе «Эссе жазу, бес жолды өлең» стратегияларын қолданады. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін арттыруда түрлі әдіс-тәсілдерді өз сабақтарымда қолданамын:

Мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау.

1. Ақын, жазушылардың дайын мәтіндерін басқаша аяқтау.
2. Белгілі мақал негізінде әңгіме жазғызу.
3. Мәтін бойынша мақал құрастыру.
4. Табиғат құбылыстарына, заттарға және жеке суреттерге қарап жұмбақ құрастырту.
5. Әңгімелерді салыстыру, бөліктерге бөлу.
6. Шығарма, мәтін, ертегі құрастыру. (тақырып бойынша, жоспар бойынша, тірек сөздер арқылы

7. Шығармадағы әңгімелерге ұқсас оқиғалар айтқызу.

8. Кейіпкерге мінездеме беру.

9. Шығарма бойынша сурет салғызу, ауызша суреттеу, қиялдау арқылы суреттеу, мүсіндеу.

10. Рөлге бөліп оқыту.

11. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешкізу (анаграмма)

12. Диалог-ертегі.

13. Образға кіру.

Енді осы шығармашылық тапсырмалардың кейбіреуіне тоқтала кетейін. Олар: образға кіру, талдау және қиялдау, суырып салма ақын, диалог-ертегі, жұмбақ-мақалдар құрастыру.

I тапсырма «Образға кіру»

Жансыз заттардың өсімдіктердің, жануарлардың орындарына өздері қандай күй кешетіні, қндай қызмет атқаратынын сезіну. Мен Гүлмін. (Қасықпын, Шыршамын, Бағдаршаммын, Доппын) деген әр түрлі тақырыптарда әңгіме жазғызу. 1-оқушының әңгімесі: Мен-Гүлмін. Мен жерде өсемін. Маған су, ауа, жылу, жарық қорек қажет. Мен адамдарға қуаныш сыйлаймын. Мен әртүрлімін. Мені адамдар жақсы көреді. Мен ешкімге жамандық жасамайын. Осы арқылы оқушылардың ой-өрісі кеңейтіліп, тілдері дамитынын байқадым.

II тапсырма «Талдау және қиялдау»

Бастауыш сынып оқушыларының ой-санасын, қабілетін, шығармашылығын дамытуда шығарманы, көркем әдебиет үлгілерін талдаудың әсері мол. Талданбаған шығарма бала жүрегіне жетіп, оны тебіренпейді. 3-сыныптың «Қамқорлық» әңгімесінде балалармен талданып, сұрақ-жауап алынады.

— Әңгіме кім жайында? (қайырымды, мейірімді бала жайында)

— Екі бала жайында не айтасыңдар?

Венн диаграммасы арқылы ұқсастықтары, айырмшылықтары, ортақ қасиеттері айтылады.

Әдіс-тәсілдердің бәрін жүзеге асыру мүмкін емес. Ол үшін шығармашылық тұрғыда ізденіс, шыдамдылық, жүйелі жұмыс жасалуы керек. Қазіргі қоғам алдындағы қойылып отырған міндеттердің ең өзектісі-бүкіл білім жүйесін түбегейлі жаңартып, дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетін оқыту мазмұнын жаңарту болып отырғанының куәсі болып отырмыз. Бастауыш сынып оқушыларын лайықты мазмұн мен оны оқытудың әдісін саралау, бала жанына жақын қарым-қатынас арқылы оларды дамыту мәселесін ғылыми жолға қою оңай мәселе емес екендігіне, оқу-тәрбие үрдісінің небір қиын проблемаларына тап болып, оны шешу жолындағы басқару әрекеттірін дұрыс ұйымдастыра білгенде ғана жұмысымыз нәтижелі болады.

D00036 30.10.2020

ЖАҢАШЫЛ МҰҒАЛІМ БОЛУ - ЖАҢА ЗАМАН ТАЛАБЫ

ДОСАНАМАНОВА ИНАРА АЛТАЕВНА

*Алматы облысы, Сарқан қаласы, Сарқан гуманитарлық колледжі
"Материалдарды көркемдеп өңдеу шеберлігі" пәні мұғалімі*

...Өмір деген әркім өз жолын ғұмыр бойы іздеп өтетін қиындығы мен қызығы қатар жүретін, күрделі тарам-тарам соқпақтардан тұратын үлкен мектеп. Осынау үлкен мектепте АДАМ деген үлкен атқа лайықты болу үшін білім мен тәрбие керек.

Қоғам дамуында білім берудің ең маңызды мәселе екендігі ақиқат. Қазіргі кездегі білім берудің негізгі мақсат – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-тұлғасы бар адами-рухани құндылығы жоғары қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

«Келер ұрпақ алында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз», - деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі бекер айтылмаған. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Осыдан барып жас ұрпақтың бойындағы іскерлік қабілетін ашу және шығармашылыққа баулу туындайды.

Ал шығармашыл тұлға қалыптастыру үшін оны қалыптастыратын мұғалім де шығармашыл, дарыны мен таланты ұштасқан, рухани бай болуы қажет-ақ.

Әрбір мемлекеттің өсіп өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы - осы ұстаз берген білім. Сондықтан да дамудың ең биік көкжиегінен көрінгісі келетін кез келген мемлекет, ең алдымен, білім беру саласын дұрыс жолға қойып, сапасын көтеруді мақсат етеді. Ендеше, осындай бәсекеге қабілетті рухы биік ұрпақ тәрбиелеу жаңа формация мұғалімінің еншісінде. Ал жаңа формация мұғалімінің ең басты талабы оның адами-рухани құндылығы. «Қыран түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмайтын талап сыйлайды», демекші ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі. Қоғам тұлғаны қаншалықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Ал жас тұлғаға білім беріп, тәрбиелейтін, дамытатын, әрине – ұстаздар қауымы.

Нағыз мұғалім деп тәрбиеленушінің ойы мен жүрегіне жол тапқан ұстазды айтамыз. Ал адам жүрегіне жол таба білу оңай шаруа емес, тек қана адами рухани құндылығы тереңдер сол жолдың ізінен адам жүре алады.

Әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі...» – дегендей білімнен бұрын, оқушыларға тәрбие берілуі тиіс.

Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында имандылық сана-сезімі қалыптасқан, парасатты, мәдениетті, дені сау азамат өсіру – отбасының, мектептің, жалпы халықтың қасиетті борышы екендігі баршаға мәлім. Осы бағытта жас ұрпақты болашақта еліне елеулі, халқына қалаулы, ата-анасының мақтанышы, дені сау, адамгершілікті азамат етіп өсіру жолындағы тәрбие ісі ең қиын да қызықты іс. «Әлемде екі қиын іс бар: ол – мемлекет басқару және адам тәрбиесі» - деген аталы сөз.

Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.

«Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» - деп француз ойшылы Жан Жак Руссо айтпақшы, ұстаздардың еңбегі ерен. Шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел болашағының өрендерін тәрбиелеп шығару - екінің бірінің қолынан келе де бермейді. Ұстаз болу – жүрек жылуын, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын баланың бойына дарыту. Ұстаз болу – шәкіртке ата-анасындай болып тәрбие сыйлау. Ұстаз болу – жас ұрпақтың жарқын болашаққа барар жолын айқындап беру. Орыс ойшылы Анатолий Луначарский айтпақшы, «ұстаз – бұл жас ұрпақтың бойына ғасырлар бойы жинақталған барлық асылдарды сіңіруші, ал оларды соқыр сезімдерден, жамандықтардан және жұқпалы мерездерден аулақтатушы адам». Ал қазақтан шыққан қоғам қайраткері, ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынов «мұғалім – мектептің жаны» деп бағалаған. Осыдан-ақ, ұстаз деген – ұлы есім екенін талассыз аңғаруға болады. Себебі, ұстазға деген құрмет бәрінен биік тұрады. Қай заманда болсын, ұстаздарға құрмет жоғары болған. Бүгіннен немесе кешеден ғана ұлы мамандық иелеріне құрмет көрсетіліп келе жатқан жоқ, ықылым заманнан бері ұстаздықтың шоқтығы биік тұр. «Тамшысымен тас тесетін бейнебір су тәрізді» (әл-Фараби) жандарға ілтипат таныту – адамгершілігіңнің ілгері басуының бір қадамы. Өйткені, ұстазға құрмет көрсету – білімге құрмет көрсету. Білімді құрметтемеген, ұстазын қадір тұтпаған шәкірттің ғылымда нәтижеге қол жеткізе алмайтындығы, қол жеткізсе де, тиісінше кәдеге асыра алмайтындығы қасиетті Құранда да жазылған. Тарихта ақыл-парасаты мол тұлғалардың көпшілігі ұстазына ерекше құрметпен қарап, әрдайым бір ізетпен еске алғаны мәлім. Айталық, Ескендір Зұлқарнайын - Аристотельді, Абылай хан - Төле биді, Шәкәрім - Абайды, Бердақ - Күнқожаны, Жамбыл - Сүйінбайды өзіне ақылшы әрі ұстаз тұтқан. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, олар өздерінің

өмірде бағындырған зор асуларына ұстаздарының сіңірген еңбегі көп екенін жақсы түсінген. Мәселен, Ескендір Зұлқарнайын өз ұстазын «Мен ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін. Әкемнен өмірді алсам, Аристотельден сол өмірге керектінің бәрін алдым» деп еске алатын болған екен. Сондықтан да, ұстазды сыйлау – өмірдегі бір борышың. Ұстазға құрмет – адамзатқа міндет. «Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық. Ұрпақ болашағы, халқымыздың келешегі қазіргі ұстаздардың қолында. Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы-жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуде.

Мұғалім кім, ол қандай болуы керек, жалпы бұл мамандық несімен құнды, ХХІ ғасыр мұғалімі қандай болу керек? деген сұрақтарға жауап іздеп көрсем.. Шәкірт жүрегіне жол табу мен бағбан боп баулу ұстаздық шыңның асқары болып саналатыны сөзсіз. Ұстаздық жол сонысымен құнды, көп мамандықтардың ішіндегі жан-жақты білімділік пен икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететіндігі де сол себепті. Олай дейтініміз, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманымен сырласып, оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман.

Мұғалімге тән ең бірінші қасиет – баланы құрметтеу,оның адамшылық ар-ұжданын, намысын, тұлғасын жасына қарамай сыйлау,құрмет тұту. Бұл мұғалімнің терең дүниетанымы мен үлкен жүрегінен келіп шығады.«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткен мұғалім-мектептің жүрегі»,-деген болатын Ыбырай атамыз. Ал ұлы химик Д.И.Менделеев: «Мектеп-халықтар мен мемлекеттер тағдырын айқындайтын алапат күшке ие» деген болатын. Олай болса,тәуелсіз еліміздің болашақ тағдырын тәрбиелейтін қазіргі заман ұстазы қандай болмақ керек? Әрине, ол өз кәсібінің майталманы,осы мақсатқа рухани күш-жігерін, парасат-қуатын салу керектігі айтпаса да түсінікті. Бұл-әркімнің қолынан келе бермейтін, ерекше талантты қажет ететін, бай қиялды адамға тән қасиет. Сондай-ақ ұстаз күнбе-күнгі өзінің көп қырлы еңбегінде мазмұны әр түрлі кездейсоқ жайттардың туындап отыратынын алдын ала сезіп, болжап және оның оң шешімін табуға дайын болуға тиіс. Сондықтан да ұстазды әр баланың жан-дүниесін танып білуші әрі оның жеке тұлға етіп, қалыптастырушы, ел болашағының мүсіншісі деуге болады.Мұғалім-барлық білім беру жүйесінің негізі, жаны және жүрегі. Оқушыны субъект ретінде қарастырып, оның өзін-өзі тануына жол ашу,жеке тұлға бойындағы қасиетті дамыту, «Мен» менталитетін қалыптастыру,білім мен тәрбиені жеке тұлғаға қарай бағыттау-бүгінгі таңдағы мұғалімнің кезек күттірмейтін мәселесі.

Мұғалімнің өзі жеке тұлғаға көтерілмей, мұндай зор мақсатқа жетуі мүмкін емес.

Қазіргі заман мұғалімі- рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман,өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Мұғалімнің кәсіби білігін шыңдаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің дамуының кепілі және өзіндік жеке педагогтік тәжірибесінің дамуының алғышарты болып табылады. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл,зерттеуші,практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог-педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет. Жақсы мұғалім-бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары,интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын,оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі. Және солай болуға тиіс. Ол- өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Осы іске деген қызығушылық пен сүйіспеншілік қана оны небір қиын әрекеттерге жетелейді, іске батыл кірісуге септігін тигізеді. Нәтижесінде бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгі ұстаз болып қалады. Біздер, мұғалімдер күнделікті өмірдің жай ғана адамы емес, болашақты құрушыларды, адамзаттың сәулетті болашағын жасаушыларды тәрбиелеп отырғанымызды ойласақ, мұғалім мұратының қандай болатыны өзінен-өзі айқын.

XXI ғасыр — білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

XXI ғасырда еліміз ғаламдану және жаһандану процесіне көшуде. Осы процесті жандандырып дамытуда жас ұрпақтың білімі мен біліктілігі орасан зор рөл атқарады. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиялармен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп елбасымыз өз жолдауында айтқандай, педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалардың курстарында оқытудың тиімділігін, ерекшеліктерін, нәтижелілігін байқадым. «Мұғалім — өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда оның мұғалімдігі де жойылады» деп К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі таңда педагог кадрлардың негізгі мақсаты мен міндеттері — сабақ сапасын көтеру, оның түрлерін жетілдірудің жолдарын іздеу, іздене отырып оқушылардың пәнге қызығушылығын және танымдық ізденімпаздығын арттыру. Қазіргі педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу — оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Жаңа форматты оқытудың тиімділігі тұлғаның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін оңтайлы ұйымдастыруына көмектеседі.Мектептегі мұғалім

күзіреті де басты назарда, оның оқушылармен қарым-қатынас түрі де, сабақ жүргізу тәсілдері де оқушылардың, білім алушының өз білімін, өз ойын ештеңеден «қорықпай» еркін білдіре алатынында. Мектепте білім сапасын артыруда мұғалімдердің және оқушылардың іс-әрекетін қалай бақылауға, зерттеуге болатынына бағыт ала отырып, көшбасшы болу үшін эмоциялық зиятты басты назарда ұстау жаңаша білім беруде қажет-ақ. Мұғалім- өмір бойы ізденуші, жаңалық ашушының тәлімгері екенін ұмытпауы керек.

«Барлық мүмкіндік балалардың бойында» деген ұлы ойшыл А.Толстойдың даналық сөзі бар, ал баланы дамытатын шығармашыл, талантты, білімді ұстаз. Жалпы алғанда барлық салалардағы сияқты педагогикалық істе де талант сирек кезесетін нәрсе. Барлық ұстаз талантты болмаса да өз ісінің шебері болуға міндетті.

Шығармашылыққа жетпей тұрып, шебер педагог болуы мүмкін емес. Ол мұғалім ізденісінің нәтижесі, оның ақыл – ойының көрінісі. Шығармашылық-әр ұстаздың дара қасиеті.

Шығармашыл, рухани бай педагог өзінің педагогтік шеберлігін де ұтымды пайдалана біледі. Олай болса, рухани бай мұғалім – қай бағытта да табысты болмақ.

D00037 30.10.2020

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДАМУЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТА ФАКТОРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АЛИБАЕВА ЛАЗИЯТ РАМАЗВНОВНА

*Талдықорған қаласы есту қабілеті бұзылған балаларға
арнайы мектеп - интернатының тәрбиешісі*

Жеткіншек шақ. Жеткіншектік кезеңнің шектері шамамен орта мектептің V-VIII сыныбына сәйкес келеді де, 11-12 жастан 14-15 жасқа дейінгі аралықты қамтиды. Жеткіншектік кезеңнің баланың дамуындағы ерекше орны оның "өтпелі", "бетбұрыс", "қиын", "сыналатын" кезең деген атауларында бейнеленген. Бұл - ең тынымсыз, ең қиын, ең қызба жас. Жеткіншектің жеке басы дамуының аса маңызды факторы -оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі, ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен, жолдастарымен қарым-қатынас орнатуға бағытталады. Жеткіншектік кезеңнің маңыздылығы адамның жеке басының моральдық, әлеуметтік негіздерін қолданып, қалыптасуының жалпы бағытының белгіленуі. Бұл кезеңдегі дамудағы биологиялық және әлеуметтік жағдайлардың рөлі туралы теориялық талас жарты ғасырдан астам уақыттан бері болып келеді. ♦ Жеткіншектер дамуындағы ерекшеліктер әр түрлі теорияларға негіз болды. Жеткіншектік

шақтың басында балалардың сырт пішіні, мінез-құлқы ересектерге ұқсамайды. Олар көп ойнап, көп жүгіреді, алысып-жұлысып тентектіктер жасайды, әлі де бала бола жүріп, елеусіз есейеді. Жеткіншектің жеке басындағы басты жаңа құрылым өзі туралы "енді бала емеспін, ересекпін" - деген түсініктің пайда болып, өзіне жұрттың осы-лай деп қарауын тілейді. ♦ Жеткіншектік шақ - болашақ туралы балалық армандардық орнына өзінің мүмкіндіктері мен өмір жағдайларын ескере отырып, ол туралы ойлану басталатын, өз ниеті, іс-әрекетін жүзеге асыруға ұмтылатын кезең екендігін үнемі қаперде ұстауымыз қажет. ♦ Сананың дамуы баланың өз бетімен тәуелсіз талаптануын тудырады. Олар үйелменде, мектепте еңбек процесіне араласады, күнделікті өмірді бақылайды, ой-өрісі кеңиді. Бұл жастағы бала намысқор келеді, үлкендер бақылауын әкімшілік шараларды ұнатпайды. Үлкендерді озбырлық жасайды деп ойлайды. Кейде түсініспеушілік осындайdan да туады. Үлкендерге байланып олардың мінезінен шындықты байқауға тырысуы үлкендер мен балалар арасында түсініспеушілік туғызады. Бұл жастағы балалар өнегелі адамдардық істерімен масаттанады. Осы ерекшеліктерді есепке ала отырып, тәрбие жұмысын тиімді етіп ұйымдастыру керек. Жеткіншіктер қоғамға пайдалы істерге ыңыласты, ұжымшыл, жолдастық, достық сезімге бай, кітап оқуға, кинофильмдерге көруге ынталы, спортты ұнатады. ♦ Осы жаста адамның мінез-құлқы және басқа да жеке басының негіздері қалыптасады. Міне, осы кезеңде жеткіншектермен жасалатын тәрбие жұмысында кемшіліктер айқын көріне бастайды. Соңғы кездері жеткіншектер тәртібінің төмендегенін байқауға болады: а) ата-анамен келіспеушілік жағдайда болу; ә) мектептегі қиындық пен сәтсіздік; б) тәртібі қиын құрбы-достарымен байланыс орнату. ♦ Отбасы жағдайы, ата-ананың кәсібі, материалдық жағдайы, білім деңгейі жеткіншектің өмірдегі жолын айқындайды. Ата-ананың саналы, мақсатты Тәрбиесі бала өмірінде үлкен рөл атқарады. Отбасындағы жақсы қарым-қатынасты жоғалту, мектептегі сәтсіздік, келеңсіз топтағы құрбыларымен жақындық әр түрлі жолдарға итермелейді. ♦ Отбасы, мектеп, құрбы-құрдастар тобы - барлық жеткіншектердің нағыз табиғи ортасы, ең маңызды қоғамдық факторы. Демек, баланың мінез-құлқының қалыптасуына отбасы ерекше әсер ететіндіктен оның көп қырлы, жан-жақты болуы отбасына байланысты. Педагогикалық, әлеуметтік жағынан жіберілетін әлсіздік, оқу жүйесіндегі сәтсіздік - ауытқымалы мінез-құлқтың қайнар көзі. Жеткіншектің мінезқұлығындағы ауытқулар көбіне туа пайда болмайды, олар отбасындағы және мектептегі дұрыс тәрбие бермеуден пайда болады. Осы аталып көрсетілген ауытқу девиантты мінез-құлық деп аталады. ♦ Девиантты мінез-құлықтың бір түріне қылмыстың әрекетке апаратын агрессивті мінез-құлық (төбелес, тіл тигізу) жатады. ♦ Жеткіншектің мінез-құлығындағы агрессивтілік адамдарды аяу сезімінің жоқтығынан садистік бағытқа бейімделу нәтижесінде өзін қоршаған ортаға зиянын тигізеді. Бұл жағдай тұлға аралық, топ аралық кикілжіңге өршігіп кетуі мүмкін. ♦ Жеткіншектің мінез-

құлығындағы агрессивтілік ішімдікпен, нашақорлықпен тікелей байланысты. Кейде жеткіншектер ішімдік ішкен кезде өзінің еңбегін (бұзақылық, төбелес, сәтті аяқталған оқиғаларын) атап өтеді. Жеткіншектің тәртібі агрессивті күйде болса, олар "қиын" балалар қатарына жатады. Кейбір мектеп мұғалімдерінің қиын балалармен жұмысы сынып алдында жүйке жұқартатын әңгіме, жазалау, т.б. түрінде жүзеге асады. ♦ Әдетте, бұл әрекеттің барлығы оң нәтиже бермейді, керісінше қиын жеткіншектердің мұғалімге, мектепке кектенуі күшейіп, қарсы келуіне әкеледі. Мұғалімдер қиын жеткіншектерге өзінің кері көзқарасын жасырмағанда, олармен кикілжіңге келеді. Девиантты мінезқұлықты жеткіншекке қолданылатын тәрбиелік профилакти-калық іс-шаралар – тұлғаға әсер ету, әлеуметтік педагогикалық түзету іс-шаралары, кері әсерлі ортаны сауықтыру. ♦ Жасөспірім» - сөзінің мағынасы ішкі дүниенің негізгі тенденциясының дамуын көрсетеді. Жасөспірім шаққа аяқ басқан баланың қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана – сезімнің дамуындағы сапалық өзгеріспен анық-талады, осының арқасында бала мен ортаның арасындағы қатынас бұзылады. Жасөспірімнің жеке басындағы басты және діни тән жаңа құрылымын оның өзі туралы енді бала емеспін дейтін түсініктің пайда болуы орын алады. Ол өзін ересекпін деп сезіне бастайды, ересек болуға және өзіне жұрттың осылай деп қарауына ұмтылады. ♦ Рувинский Л.И., Хохлова С.И. еңбектерінде жасөспірім шақ - бұл қоғамдық жүйедегі көз – қарасқа байланысты дүниетанымның бірінші элементі байқала бастайды, бірақ та әлемге деген көз – қарасын толығымен пайымдай алмайды. Тек жасөспірімдерде фило-софиялық ойлау әрекетінің қанағаттануы мүмкін болса, пайда болады. Бұған арқау болатын түрткі - оқудағы білім, тәртіп пен информация, әдеби оқулықтар және сыртқы ортадан алатын көріністер мен үлкендермен қарым – қатынас.. ♦ Ш. Бюллер жасөспірімдік кезеңді фаза бойынша бөліп қарастырады. Негативті фаза пубертодты кезеңде басталады. Негативті кезеңге жеткіншектердің дамуын қоюға болады. Ал, позитивті фазада өмірге деген қызығушылықтың пайда болуы, адамға деген ыстық сезім, табиғатты түйсіну т.с.с болады. Бұл фазаны жасөспірімдерге қатысты деуге болады. ♦ М.И. Шардаков бойынша жасөс-пірімдік кезең адамның тұрмыстық құндылықтары ретіндегі заттық дүниеге психологиялық тұрғыда тәуелді болып қалады. Жасөспірім осы өмірге ой жүгірте бастайды. Соның арқасында ол жасөспірімдік ортаға кіреді. Әр затпен дүниеге таңдау жасау арқылы жасөспірім тұтынушыға айналады. Өз иелігіне заттарды жинай отырып әр – түрлі құндылықтарды жинайды. Олар ақыл – ой, адамгершілік әлеуметтік жағынан есейеді. ♦ А.В. Мудрик жасөспірім кезеңінің ең басты жағдайын ашып көрсетеді. Ол екіжақтылық пен қарама – қайшылық деген. Педагогикада жасөспірімді өскен адам, бірақ ересек адам емес ақпаратталған бірақ әлі жетік білмейді деп пайымдайды. ♦ Ст. Холл ең алғаш бірнеше негізгі қарама – қайшылықтарды бөліп көрсете отырып, жасөспірім мінезіндегі амби-

валенттілік пен пародаксальдылықты сипаттаған. Жасөспірімдерде шектен тыс белсенділік - аяқ шалысқа шектен тыс көңілділік - уайым, өзіне сенімділік - ұялшақтық пен қорқыныш жоғары деңгейдегі адамгершілік талпыныстарының күрт төмендеуі ашық қарым – қатынастық, өте нәзік сезімталдық апатияға, өткір құштарлық – бірбеткейлікке оқуға деген ынта белгісіздікке, бақылау мен әуестілік сияқты талқылаулар болады. Ол бұл кезеңді «Боран мен тегеурін» кезең деп атайды. Ст. Холл жасөспірім кезеңнің мазмұнын «өзіндік сана – сезім» кризисі деп сипаттайды. Тек осыны басынан өткеріп ғана жеке даралы сезіміне ие болады. ♦ Жасөспірімнің өз көзқарасы бар, жасөспірімдер үнемі өз жетістіктерін өсіріп, кемшіліктерін азайтып отырады. Өз құрдастарының арасында болуға ұмтылыс, оларды белсенді түрде үлкендер арасынан өзі соған ұқсағысы келетін адам іздейді. Бұл жерде идентификация туындайды. ♦ ♦ Жасөспірім тұлғасының индиви-дуалды дамуы мен қалыптасуы бірінше кезекте белсенді өзара әрекет, яғни қоршаған ортамен әрекеттесу нәтижесінің арқасында болады. Жас есейе келе адам психологиялық дамуында әлеуметтік фактордың әсері күшейе түседі. Жасөспірім жасындағыларды тиісті әдебиеттерде «Қиын», «өзгерілу», «ауысу жастары» деп атайды. Соңғы жағдайда «ауысу жасында» жеткіншек балалық кезеңдерден ересек жасына ауысады. Жасөспірім өзге жастарға қарағанда педагогтар пен тиісті әдебиеттерге көп әңгіме болып, жиі көтеріледі. Себебі бұл кезеңде оның психикалық даму ерекшелігі жас баламен ересектерге қарағанда әлде қайда өзгеше болады. Бұл кезеңге тән тағы бір ерекшелік жасөспірім барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкен адамдардың қамқорлығымен ақыл кеңесінен құтылғысы келеді. Жасөспірімнің ересектен айырмашылығы тек үлкен адамдармен қатынасының өзгеше келетініндей емес, сонымен қатар биологиялық дамуы (жыныс т.б жетілуі) жағынан кеңінен өріс алатынында. Ал жалпы алғанда жасөспірім тың өзгеше сипатта келеді

D00038 30.10.2020

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМГЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

МУСАБАЛАНОВА АЙНУР ГАБИТОВНА

Талдықорған қаласы. Талдықорған өндірістік индустрия және жаңа технологиялар колледжісінің ағылшын тілі пәнінің оқытушысы

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы-заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының прасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс.

Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады. Еліміздің көптеген ұстаздары жаңартылған білім жүйесімен курстарға барып, білімдерін толықтыруда. Курстың маңыздылығы да міне, осында.

Қазақстанда білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстандық білім беру жүйесін жаңарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Жаңартылған білім беру мазмұнының стандарты жиынтығы функционалды сауаттылықты қамтамасыз ететін дағдылардың кең спектірін дамыту бойынша үздік халықаралық тәжірибеге бағытталатын болады. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады. Еліміздің жолдауында айтқандай: Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет. Қазіргі білім беру жүйесінді жаңа технолгияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттілігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берілген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыпасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Жаңа тұрпатты мұғалім педагогикалық процестің бірізділігін және оқу мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай отырып, оқыту моделін жобалай білу қажет. Жаңартылған бағдарламамен жұмыс жасайтын мұғалімнің шығармашылық іс-әрекетін мазмұны зерттеушілік қызметтен, жеке ізденістерден, оқушымен ата-анамен тығыз ынтымақтастықтан тұрады. Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіптік зерттеушілік позициясы өз

кәсібін шығармашылық деңгейде жетік меңгерген кезде ғана айқындала түседі. Оқушылардың бойында өмір бойы білім алу дағдыларын қалыптастыру мақсатында бастауыш сыныпқа арналған пәндердің аясында мұғалімдер әрбір оқу жылында нені оқыту керектігін және оқу сапасы қандай болу керектігін нақты білуі тиіс. Оқушылар әртүрлі пәндердің аясында қолдануға болатын білім алып, дағдылары мен мінез-құлқын қалыптастырады, бұл оқушыларға мектептен тыс өмірде қолдануға болатын дағдыларды меңгеруге көмектеседі. Осындай дағдыларға сауаттылық, математикалық ойлау қабілеті, сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау кіреді, бірақ бұл тізім бұлармен шектелмейді. Жаңаша көзқарасты талап етеді. Ал жаңартылған бағдарлама аясында мұғалімнің кәсіптік жетілу қалыпты жағдай. Өйткені, балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін, оларды осы табыстылыққа жаңа тұрпатты, өзін-өзін реттеген педагог қана жетелей алады. Жаңа тұрпатты педагог алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Білімді тұлға шығару сабақ сапасынан. Сабақ дегеніміз –оқытуды ұйымдастырудың басты формасы. Жаңаша оқытуда оқушы мұғалімнің түсіндіргенін меңгеріп қана қоймай мұғаліммен тікелей пікірталасқа көшеді, оқушы рөл атқарушы ғана емес, жетекші бағытта ұстайды. Мұғалім мен оқушы арасында тығыз байланыс қалыптасады, бірлік одақта қызмет істейді. Бастауыш сыныпта оқушылардың оқу-әрекетін жедел басқаруды ұйымдастыру құралы ретінде, сабақта компьютерді пайдаланудың тиімділігі бар екендігіне айтқым келеді. Оның артықшылығы мынандай:

1. Әр оқушы өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді.
2. Уақытты үнемдейді.
3. Мұғалім бақылаушыдан кеңесшіге ауысады.

Сабақта әр-түрлі жаңа әдістерді қолдану нәтижесінде оның ұтымды тұстарын айтпай кетуге болмайды.

Сабаққа деген құлшынысы пайда болады.

- Оқушылардың өздігінен тапсырманы орындауға деген талпынысы пайда болады. Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жағдайлар жасау керек. Оқушылар оқу әрекеті барысында жаңа әдістерге жақын болып, оны пайдалана білулері керек. Бастауыш сынып оқушыларының құлшынысы мен белсенділігі өте жоғары болғандықтан, пәндер арқылы баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету керек. Ең бастысы тақырып мазмұнына байланысты сабақ үрдісін басқару мен түрлендіріп өткізуге назар аудару қажет. Неге?, Неліктен? деген проблемалық сұрақтар қою арқылы оқушыларды ізденіске бағыттап, дәлелдетіп, өз ойларын жинақтауға бағыттау. Оқушыны қорытынды жасауға өзгеше бір тың пікір айтуға жетелеу, ой қайшылығын тудырып, дұрыс ой қорытуға дағдыландыруға көп көңіл бөлу. Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі жағдайда дамиды. 1. Кез келген бала адамзат баласының осы кезге дейін жинақтаған тәжірибесін

меңгертуге бағытталған оқу әрекеті арқылы дамиды. Білім, білік, дағдыны қабылдайды. 2. Кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы: ол баланың өзін-өзі қалыптасуына өз идеясын жүзеге асыруға бағытталған жаңа әдіс-тәсілдер іздейді. Проблеманы өзінше жаңаша шешуге талпынады. Бастауыш сынып оқушыларының пәнге деген қызығушылықтарын тудыру үшін әр-түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Олар мынандай:

1. Белгілі бір тақырыпта пікірталас тудыру.
2. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмалады шешу.
3. Ұнатқан кейіпкеріне мінездеме беру.
4. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру.
5. Мәтін мазмұнын өңдеу.

Педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылтын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы мен жұмыс істеу ретін әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушылардың мүмкіндіктерін ескерек отыра, өзінің кәсіптік шеберлігіне сай таңдауы тиіс деп санаймын.

Осы тұрғыда алға қойған мақсатым: Оқу мен оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. Оқушы жаңа ақпаратты бұрынғы білімімен ұштастыра түсу үшін мен өз сабақтарымда мынандай тәсілдерді пайдаланамын. Әдебиеттік оқу пәнінде болжау кестесі, ойлан, жұптас, ортаға сал, сұрақ қоя білуді, өзара оқыту т.б. Осы әдіс-тәсілдерді қолдану кезінде ең тамаша кезеңге, яғни оқушының өздігінен білім алу, шығармашылық іс-әрекетінің оянуы, бір сөзбен айтқанда, өзіндік еңбек ету кезеңіне айналдырады. Сабақты қорытындылау кезеңінде оқушылар алған білімін пайдалана отырып шешім қабылдайды, топпен бөлініп берілген тапсырмалары болса өздері дәлелдейді, көрсетеді, бағалайды немесе «Эссе жазу, бес жолды өлең» стратегияларын қолданады. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін арттыруда түрлі әдіс-тәсілдерді өз сабақтарымда қолданамын:

Мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау.

1. Ақын, жазушылардың дайын мәтіндерін басқаша аяқтау.
2. Белгілі мақал негізінде әңгіме жазғызу.
3. Мәтін бойынша мақал құрастыру.
4. Табиғат құбылыстарына, заттарға және жеке суреттерге қарап жұмбақ құрастырту.
5. Әңгімелерді салыстыру, бөліктерге бөлу.
6. Шығарма, мәтін, ертегі құрастыру. (тақырып бойынша, жоспар бойынша, тірек сөздер арқылы)
7. Шығармадағы әңгімелерге ұқсас оқиғалар айтқызу.

8. Кейіпкерге мінездеме беру.

9. Шығарма бойынша сурет салғызу, ауызша суреттеу, қиялдау арқылы суреттеу, мүсіндеу.

10. Рөлге бөліп оқыту.

11. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешкізу (анаграмма)

12. Диалог-ертегі.

13. Образға кіру.

Енді осы шығармашылық тапсырмалардың кейбіреуіне тоқтала кетейін. Олар: образға кіру, талдау және қиялдау, суырып салма ақын, диалог-ертегі, жұмбақ-мақалдар құрастыру.

I тапсырма «Образға кіру»

Жансыз заттардың өсімдіктердің, жануарлардың орындарына өздері қандай күй кешетіні, қндай қызмет атқаратынын сезіну. Мен Гүлмін. (Қасықпын, Шыршамын, Бағдаршаммын, Доппын) деген әр түрлі тақырыптарда әңгіме жазғызу. 1-оқушының әңгімесі: Мен-Гүлмін. Мен жерде өсемін. Маған су, ауа, жылу, жарық қорек қажет. Мен адамдарға қуаныш сыйлаймын. Мен әртүрлімін. Мені адамдар жақсы көреді. Мен ешкімге жамандық жасамайын. Осы арқылы оқушылардың ой-өрісі кеңейтіліп, тілдері дамитынын байқадым.

II тапсырма «Талдау және қиялдау»

Бастауыш сынып оқушыларының ой-санасын, қабілетін, шығармашылығын дамытуда шығарманы, көркем әдебиет үлгілерін талдаудың әсері мол. Талданбаған шығарма бала жүрегіне жетіп, оны тебіртпейді. 3-сыныптың «Қамқорлық» әңгімесінде балалармен талданып, сұрақ-жауап алынады.

— Әңгіме кім жайында? (қайырымды, мейірімді бала жайында)

— Екі бала жайында не айтасындар?

Венн диаграммасы арқылы ұқсастықтары, айырмшылықтары, ортақ қасиеттері айтылады.

Әдіс-тәсілдердің бәрін жүзеге асыру мүмкін емес. Ол үшін шығармашылық тұрғыда ізденіс, шыдамдылық, жүйелі жұмыс жасалуы керек. Қазіргі қоғам алдындағы қойылып отырған міндеттердің ең өзектісі-бүкіл білім жүйесін түбегейлі жаңартып, дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетін оқыту мазмұнын жаңарту болып отырғанының куәсі болып отырмыз. Бастауыш сынып оқушыларын лайықты мазмұн мен оны оқытудың әдісін саралау, бала жанына жақын қарым-қатынс арқылы оларды дамыту мәселесін ғылыми жолға қою оңай мәселе емес екендігіне, оқу-тәрбие үрдісінің небір қиын проблемаларына тап болып, оны шешу жолындағы басқару әрекеттірін дұрыс ұйымдастыра білгенде ғана жұмысымыз нәтижелі болады.

B00019 24.10.2020

КОМПЬЮТЕРЛІК ГРАФИКА ЖӘНЕ ДИЗАЙН

НҮСІПБЕКҚЫЗЫ АЙЖАН

Жамбыл облысы, Шу ауданы, Төле би ауылы, "Өнер мектебі"

"Компьютерлік графика" үйірме жетекшісі

Информатика пәніндегі компьютердің көмегімен кескіндерді өңдеу және редакторлеу әдістері компьютерлік графика деп аталады. Әр түрлі мамандықтардағы адамдар компьютерлік графиканы өз салаларында сәйкесінше қолданылады. Олар – әр түрлі қолданбалы және әр түрлі ғылыми аймақтардағы ізденушілер, суретшілер, құрастырушылар, компьютерлік беттеуші (верстка) мамандары, дизайнерлер, мультимедиа-презентация-ларының авторлары, медицина мамандары, мата өнімдері модельерлері, фотографтар, сәулетшілер, теле және бейнемонтаж мамандары және т.б. Компьютер экранындағы кескіндер графикалық программалар арқылы құрылады және растрлық, векторлық редакторлар арқылы өңделеді. «Компьютерлік графика және дизайн» курсына иллюстрациялар құру және кескіндерді өңдеуге яғни векторлық және растрлық бағдарламаларға басты назар аударылады. Оқушылардың шығармашылық мәселесі жеке тұлға психологиясындағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Оқушылар шығармашылығының байқалуы ұсынылған ойлау тапсырмаларын орындау сипаты арқылы анықталады. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетінің төмендегідей компонентерін ерекшелеуге болады:

- ішкі мотивациясының басымдылық рөлі;
- мәселені қою мен оны шешуде байқалатын зерттеу және шығармашылық белсенділік
- шешімді болжай білу мүмкіндігі;

Ұсынылып отырған курста оқушылардың компьютерлік графика және графикалық кескіндер туралы шығармашылығын дамыту, олардың тағымдық іс-әрекетін ерекше жолмен ұйымдастыру және жүзеге асыру. Курс бағдарламасы оқушылардың зерттеу және олардың шығармашылық деңгейлерін практикалық жолмен оятуға мүмкіндік беретін іс-әрекет түрлерін меңгеруге қажетті жағдайлар құруға негізделген. Бүгінгі таңда Photoshop, CorelDraw программалары компьютерлік дизайн курсына жүзеге асырудағы қуатты программалардың бірі болып табылуда. Бұл курс мазмұны, оқушылардың қызығушылығын арттыру және келешектегі кәсіптік мақсаттарын жүзеге асыруға әсер ету үшін құрастырылған. Бағдарлама осы аталған программаларды меңгеруге қажетті мәліметтер мазмұнынан тұрады.

Курс аптасына 11- сыныпта 2 сағаттан барлығы 68 сағатқа есептелген.

Бағдарлама мақсаты:

- оқушылардың санасында графикалық кескіндер бейнесін қалыптастыру; - іс-әрекет құралы ретінде компьютерді пайдалану мүмкіндіктерін жетілдіру; - компьютерді практикада тек тиімді пайдалана білулерін қалыптастыру. - компьютерлік графикамен жұмыс жасай білулерін қамтамасыз ету. - қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті, қарқынмен дамып келе жатқан қоғамда кәсіби маман болып қалыптасуына бағыт-бағдар беру.

Бағдарлама міндеті:

графикалық кескіндерді сақтау және тұрғызу принциптеріне түсінік қалыптастыру

графикалық файлдардың форматтарын меңгеруге және оларды әр түрлі графикалық программаларда пайдалана білу;

- компьютерлік графика негізін әр түрлі графикалық программаларда қолдана білу

- графикалық программалар құралдарын пайдаланып оқушыларды өздерінің жеке кескін жұмыстарын құру және редакторлеу үйрету.

- әр түрлі программалар арасында графикалық кескіндер туралы мәліметтер алмаса алуға үйрету.

компьютер экранындағы кескіндерді растрлық және векторлық редакторлар арқылы өңдеуге үйрету.

үтілетін нәтижелер:

Қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті, барлық ақпарат түрлерімен жұмыс істеп, алған білімдерін өмірде кескескен нақты жағдайда пайдалана алатын тұлға қалыптасады.

Компьютерлік графикамен жұмыс жасай алады.

Компьютерді практикада тиімді пайдаланады.

Компьютер экранындағы кескіндерді растрлық және векторлық редакторлар арқылы өңдейді.

Оқушылар санасында графикалық кескіндер бейнесі қалыптасады.

Оқушылардың білім – білік дағдысына қойылатын талаптар:

Оқушы нені білуі керек:

- Графика ұғымын сипаттай және талдай білу;

- Векторлық және растрлық графиканы сипаттай білу;

- CorelDraw бағдарламасының құралдар мен командаларын қолдана білу;

Оқушы нені үйрену керек:

- CorelDraw бағдарламасында қарапайым суреттерді өңдеуді;

- Бағдарламаның командаларымен жұмыс жасауды;

- коллаж жасауды;

- Филтр командаларымен жұмыс жасауды;

- CorelDraw бағдарламасын пайдаланып шығармашылық жұмыс жасай білу;

МАЗМҰНЫ

- СӘЛІМ ИНДИРА БЕРІКҚЫЗЫ
- ХУРМАНБАЙ АСИМГҰЛ
- СМАГУЛОВА АКТОТЫ САПАРГАЛИЕВНА
- ШАРИПХАНОВА АҚНУР МАУЛЕНҚЫЗЫ
- ЖИЕНТАЕВА ЖАДЫРА АЛТАЙҚЫЗЫ
- НУРГАЛИЕВА ШЫРАЙЛЫМ КАНАЛОВНА
- ИМАНАЛИН МАРАТ АБЫЛОВИЧ
- МАРАЛБАЕВА МАРЖАН МАРАЛБАЕВНА
- ТОКТАРБАЕВА ДИНАРА СЕРИКОВНА
- САЛИМОВА ЖАНСАЯ БЕРИКОВНА
- ДОСАНАМАНОВА ИНАРА АЛТАЕВНА
- АЛИБАЕВА ЛАЗИЯТ РАМАЗАНОВНА
- МУСАБАЛАНОВА АЙНУР ГАБИТОВНА
- НҮСІПБЕКҚЫЗЫ АЙЖАН